



АТҚАРУ КОМИТЕТИ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

11.09.2023 ж.

№ 27, 6-т.

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ-нің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманы қадағалауға, білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін заманауи қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысуға қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті кәсіподағы ұйымының төрағасы М.Б. Ибрайымовтың «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ-нің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманы қадағалауға, білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін заманауи қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасауға қатысуға қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Салалық Кәсіподақтың Атқару комитеті:

2023 жылғы 1 қаңтар мерзімі бойынша «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ құрамында 1211 кәсіподақ мүшесін біріктіреді.

Жергілікті кәсіподақ өз жұмысында салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мәселелеріне көп көңіл бөледі.

Кәсіподақ комитетінің жыл сайынғы жұмыс жоспарын жасау кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралар ерекше көзделеді. Басқарма төрағасы – ректор Д.Н. Биляловтың атынан «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ және қызметкерлер атынан «Абай атындағы ҚазҰПУ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы М.Б. Ибрайымовтың арасында жасалған ұжымдық шарт жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігіне жағдай жасау жөніндегі міндеттерін құратын негізгі құжат болып табылады.

Ұжымдық шартта еңбекті қорғау және қауіпсіздік туралы заңнаманы қамтамасыз ету және сақтау бойынша барлық шарттар жазылған.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті төрағасының М.Б. Ибраймовтың ақпараты назарға алынсын (қоса беріледі).

2. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ұйымының кәсіподақ комитеті құқық қорғау қызметін ұйымдастыру, жұмыс берушінің еңбек заңнамасын орындауына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру жөнінде қосымша шаралар қабылдасын.

3. Кәсіподақтың Орталық комитеті аппараты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ұйымының кәсіподақ комитетіне қызметтің барлық бағыттары бойынша практикалық (тәжірибелік) және әдістемелік көмек көрсету бойынша жұмыс жүргізсін.

Төраға



А. Мұқашева